

егемен
Қазақстан

Мырзатай ЖОЛДАСБЕКОВ

Асылдарым (Жалғасы) (эссе)

Аршындай аттап, асқақтай сөйлейтін асыл аға

Әбділда ағамыздың азаматтығын да, ақындығын да талай тұста таныдым. Соның бірі – Мағжан кітабының шығуы. Мұның алдында Мағжанның жары Зылиха апамыздың ақын кітабына алғысөзді Әбекең жазуына келісімін зорға алғанымды айттым ғой. Бүгін келісім береді де ертесіне айнып шыға келеді: «Әбділданың алғысөз жазуына қарсымын», деп телефон соғады. Білгендердің айтуынша, Хизмет Абдуллин араға жүріп, теріс пікір таратып, жеңгемізді нілдей бұзып, азғырып, әбден титығымызға жетті.

Зылиха жеңгеміздің үйіне үш рет бардым. Соңғы рет барғанымда:

– Алдыңыздан үш рет өттім. Мағжан халықтың адамы. Өзіңіз біліңіз! Кітап үкіметтің қаржысына шығып жатыр. Келіссеңіз де, келіспесеңіз де, алғысөзді кімге жаздыруды Орталық комитет өзі шешеді, алғысөзді Әбділдаға жаздырамыз, – дедім. Зылиха жеңгей амалсыз көнді.

Ертесіне Әбділда ағамыздың үйіне бардым. Болған оқиғаны түгел жайып салдым. Ол кісі таяғын алдына ұстап, қос қолын тірей үңіліп, ұзақ ойланып отырып қалды. Біраздасын:

– Бәріміз де ол кезеңде уақыттың құлы болдық қой. Биліктің айтқанынан шыға алмадық. Басшылардың басы қалай қисайса – солай бұрылды. Мағжанға қарсы сын өлеңін жазғаным рас. Сол күнәмнен қашан арыламын деп түн ұйқымды төрт бөлемін. Сол күн туса кәні! Ақын алдындағы, ар алдындағы күнәмнан арылатын күнді аңсаймын, – деп тебіреніп, толқып сөйледі.

Екі-үш күн мерзімде ақын өз ішіне өзі үңіліп, күңіренгендей болып отырып алғысөзді жазып шықты. Көп ұзамай Мағжанның толық жинағы жарық көрді.

Қараңыз: «Жазушы» баспасы 1989 жыл, алғысөз соңында: «1927 жылы «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланған Мағжан өлеңі – «Тоқсанның тобы» осыған кепіл. Ол: жүзден тоқсан садаға, Мен тоқсанмен біргемін, – деді. Бұл оның советтік қазақ халқына ағынан жарылып шынын айтқаны, өз күнәсін мойындағаны еді. Бірақ біз оған сенбедік. Сол кездегі он сегіздегі бала, мен, «Еңбекші қазақ» газетінің редакторы Ғаббас Тоғжановтың тапсыруы бойынша «Тоқсанның жырын тоқсанның өз ұлы жырлайды» деген өлеңмен жауап жаздым. «Еңбекші қазақ» газетінде ол да басылып шықты. Бұл менің де, мені тәрбиелеп сөйлеткен ағаларымның да тарих алдындағы кешірілмейтін күнәсі еді», деп ағынан жарылады ақын.

Мұны неге баяндап отырмын?

Біздің қазақ барынша ақкөңіл, кеңқолтық, ақын мінезді халық. Әйтсе де ғасырлар бойғы бодандық езгінің салдарынан – заманның ағымына,

басшылардың қабағына көп қарағыш. Замана желі қалай соқса – күнбағыс секілді солай ығып қоя береді.

Өткен ғасырдың 80-ші жылдар аяғында ел басына бөтен ұлттың өкілі келіп, ызғарын төгіп, тосын мінез таныта бастағанда да қазақ сол баяғы жалпақшешей мінезіне басып желқайықтай теңселіп қоя берді.

Не басына күн туатынын қайдам, сүйекке сіңген әдет пе, кім білсін, осы күндері де қазақ жазушыларының біразы жаға жырттыспаса жүре алмайтын, бірін-бірі түртпесе тыныш отыра алмайтын дертке шалдықты.

Доптай дөңгеленіп, тағдырдың тәлкегіне түскен, саясаттың құбаны болған, опық жеп, пұшайман болған асыл ағаларымның бірі әрі бірегейі Әбділда Тәжібаев еді.

Табиғатында ақын қазақ халқының құт қойнынан күміс қоңырау небір бұлбұл әншілер, апталап, айлап айтса – жағы талмаған жезтаңдай жыршы, жыраулар туғаны мәлім. Осы бір ақынгерлік өнер заман асқан сайын жарасымды жалғасын тауып, жаңаша құлпырып, қырандай түлеп, өзге мән-мағына, мазмұнға ие болып, әлемдік жырға өз өрнегін салды.

Сол мәуелі жыр бағының бел ортасынан нәзік сыршыл, әрі ойшыл лирик, әрі тәкаппар эпик, бұтағын кең жайған бәйтерек секілді қазақ ақыны Әбділда Тәжібаевты танимыз.

Өз басым Әбекеннің ақындығын бала жасымнан, өңге озық өнерлерін беріректе, әдебиетші болған шағымнан білемін.

Бертінде араласа келе қамқоршы әкеміздей болған әзиз ағаны шар болаттай сынбайтын, тап асылдың өзіндей тот баспайтын өнер құдіретінің өкілі ретінде таныдым. Ол толассыз ағып жатқан жыр-дария секілді заманның талай өнер бәйгесінің алдын бермеген жыр дүлдүлі.

Ақын жастықтың сұлу саздарын әбден есейіп, марқайған шағында да қысқа айтып, көп аңғартатын терең, ойшыл, шығыс дәстүріндегі даналық философиялық лирикаға әсем ұштастырып жырлады. Қайталанбайтын сазбен өзіне тән ұнасымын, жарасымын тапты. Ақын шығармашылығын талай күн, талай ай, талай жыл шам түбінде көздің майын тауысып, тесіле, қадала отырып зерттесе болар еді. Өйткені, ол мөлдір суды шыңыраудан тартқан құдықшыдай, маржанды мұхит түбінен алатын іздеушідей, асыл жырды тереңнен ғана тартатын жыр құдіретіміздің бірі. Кезінде Әбекеннің ақындығы, драматургиясы туралы біраз мақала жазсам-дағы, түйіндеп тұжырым жасай алмай уақыт оздырыппын.

Осынау естелік эсседе ол кісімен бірге болған қымбат сәттердің бәзбірін еске түсіргенді жөн көрдім.

Тарихқа, сырға, жырға толы Сырдың бойында дүниеге келген Әбділда ес біле Айманкүлдей ақын ананың тәрбиесінде, өлең-жырдың құндағында өсті. Жастайынан жоқшылықтың, азап-мехнаттың бәрін кешті. Жаңа талап, жас ақын шу дегеннен балғын жырларын бәйгеге қосты.

Көпті көрдім, көп жасадым,

Көрдім Сәкен, Бейімбетті.

Қатар тұрып жыр қашадым,

Мені олар да құрмет етті, – деп ақынның өзі айтқандай, «Жаңа ырғақтан» бастап «Көне қоңыраудың» аралығында көл-көсір жыр жазды. Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезов, Бейімбет Майлин, Илияс Жансүгіров, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, Тайыр Жароков тәрізді сөз алыптарымен қатар жүріп, жаңа әдебиеттің іргесін қаласты. Мөлдір лирикадан бастаған ақындық жолы күндей күркіреп, теңіздей толқыған «Күй атасы», «Абыл» тәрізді эпикалық дастандарға ұласты.

Әбділда Тәжібаев драматургияға да ақындық қуатпен келді. Мұның куәсі ретінде «Ақын», «Қыз бен солдат», «Майра» тәрізді поэмалық драмаларды; «Көтерілген күмбез», «Жомарттың кілемі», «Дубай Шубаевич», «Жалғыз ағаш орман емес», «Той боларда» секілді пьеса, драма, комедияларды атауға болады. Оларға «Аққайың» (М.Әуезовпен бірігіп жазылған), «Жомарттың кілемі» (Г.Рошальмен бірігіп жазылған), «Жамбыл» (Н.Погодинмен бірігіп жазылған) сияқты киносценарийлерін қоссақ, жазушының драматургиядағы үлесі қомақтана, күрделене түседі.

Бір әңгімесінде Әбекең: «Бір кезде А.П.Чеховты драматург ретінде қадағалай оқығаным бар еді, бұл күнде прозасына ден қойдым», – дегені есімде.

«Есімдегілер», «Майра», «Ойлар, жылдардан» бастап, жазушының салиқалы, салмақты прозаға да батыл бет бұрғанының айқын айғағы еді. Ақын жазған проза жіліктің майындай әрі нәрлі, әрі жүрекке жетіп жатады.

Жұртшылық Әбділда Тәжібаевты негізінен қазақ әдебиетінің абыз ақыны ретінде таныды. Қашанда ер, қайсар, әділ, жырға жомарт, досқа – көл, жағымпазға – шөл мінез Әбекеңді өзге сөз қайраткерлерінен көп оқшаулайды. Ақын өмірінде де, өнерінде де тек шындықты ғана дәріптеді. Оның жырларынан эпикалық шығармаларымыздағы қайсарлықты, өжеттікті, батырлықты көрдік. Осы тұрғыдан келгенде Әбекең шығармашылығы үлкен бір тәжірибе мектебіне ұқсайды:

Иілме, жас, иімпаздар игенге,
Күншілдерге сен де күш айт, именбе.
Бүгін үйрен жалаңаяқ шоқ басып,
Ертең өртке лақтырса да күймеуге.

Өмірдің сан азабын жасынан көріп өскен ақын өзінен кейінгі жас ұрпақты батыл, қайсар, өжет болуға баулиды. Әбділда Тәжібаевтың аталы жырлары бертінде

«Көне қоңырау», «Құрдастар» секілді ойға, нақылға толы аса қымбат жыр жинақтарымен молықты. «Көне қоңырауда» халқымыздың ғылым-білімін, мәдениетін ілгері дамытқан, заманымыздың ұлы перзенттері Қаныш Имантайұлы Сәтбаев, Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің кесек тұлғасымен, жарқын келбетімен жүздесеміз. «Ағалар» деп аталатын дастанда қоғамымыздың аса ірі қайраткерлерінің толымды образы сақаға құйған қорғасындай сомдалған. Санаңызға салмақты ой дарытады.

Әбділда Тәжібаев өзі ақын болған соң ақындар туралы шешіле, көсіле, тебірене жазады. «Ақындар» деп аталатын шабытты, тамаша поэмада ұзақ өмірлері жыр болып өткен, қазақ поэзиясын байтақ мұраға кенелткен от

ауызды, асқақ үнді жыр саңлақтарын аса бір ілтипатпен суреттейді. Әсіресе, күні кеше ғана өзі қолтығынан демеп, ғажайып талантына бас иген алып Жамбыл туралы жазылған жолдар оқушыны ерекше әсерге бөлейді. Биік ойға жетелейді.

Жамбылдың ақындық ортасы, жыр арнасы, өнер мектебі туралы Әбекең жырлаушы ғана емес, ақын атасының халық поэзиясын дамытудағы теңдесі жоқ рөлін ғылыми негізде дәлелдеп шыққан үлкен ғалымдық ойдың бұлағы. Буырқанған тұжырымды тоғысы.

Әбекеңнің ғалымдық болмысы да айтарлықтай. Қазақ поэзиясының ерекшеліктері туралы кандидаттық диссертация қорғаған ол қазақ драматургиясының тарихын, қалыптасу жолын, заңдылықтарын зерттеп, филология ғылымдарының докторы атағын алды. Зерттеу мен зерделеудің жемісі ретінде қазақ әдебиеттану ғылымының бүгінгі жетістігін, көкжиегін кеңейтіп «Өмір және поэзия», «Қазақ әдебиетінің қалыптасу және даму кезеңдері» деген құнды еңбектерді берді.

Ғалымның халық поэзиясы және оның жасаушылары туралы ойлары халық поэзиясын зерттеудің үлкен табысы еді. Жамбыл Жабаев, Нұрпейіс Байғанин, Кенен Әзірбаев, Нартай Бекежанов, тағы басқа халық ақындарының қазақ поэзиясындағы эпикалық дәстүрді бүгінгі ұрпаққа әкеп жалғастырған рөлін дәл ашты.

Әбекеңмен кездескен, сұхбаттасқан сайын ол кісінің қазақ жырының тарихын аса жетік білетініне, халық ақындарын шексіз сүйетіндігіне тәнті болушы едім.

1972 жылы Жамбыл Жабаевтың туғанына 125 жыл толып, Қазақ мемлекеттік университетінің үлкен залында ақындар атасының осы салтанатына арналған үлкен мәжіліс өтті. Сол жиында Әбекең халық поэзиясының арғы-бергі тарихын түгел ақтарып, Жамбыл туралы шын шешіліп, терең әрі ұзақ сөйледі. Сол жолы халық ақындарының шығармашылығында ғана кездесетін желі, құлақ күйі тәрізді аса бір қызықты тың ойлар айтты.

– Халық ақындары белгілі бір тақырыпты төбеден түскендей, төтесінен айта салмайды. Олар өзі айтқалы отырған болашақ байтақ жырға келу үшін өзін-өзі әбден баптап, ойдан-қырдан жыр толғап, сөйтіп барып негізгі мазмұнына көшеді. «Қобыланды», «Көрұғлы», «Алпамыс» сияқты эпостар осылай туады. Мұны желі дейді. Күйшілер де тап сондай. Жаңа күй шығару үшін олар да өзінің өмірлік серігіндей айнымас әуендерін ұзақ қайтарып отырып, содан кейін шешіле күй толғайды. Мұны құлақ күйі деп атайды, – деген еді.

Бұл айтылған ойлар қазақ фольклорының бертіндегі зерттеулерінде толық расталды.

Әбекең дүниеден өткен халық ақындарының аруағын ардақтап, есімдерін асқақтатып, көзі тірілеріне үнемі қамқоршы болып жүрді.

1974 жылы республика жұртшылығы көненің көзі, ескінің жұрнағы, даңқты әнші әрі композитор Кенен Әзірбаевтың 90 жылдығына қызу дайындыққа кірісті. Өз басым Кенекеңнің «Алатау шыңы» деген атпен

таңдамалы жинағын дайындадым. Ол «Жазушы» баспасынан кітап болып шықты. Әбділда Тәжібаев, республикалық Баспасөз комитетінің сол кездегі төрағасы Шериаздан Елеукенов, «Жазушы» баспасының директоры Әбілмәжін Жұмабаев төртеуіміз әлі бояуы кеппеген жыр кітабын табыс етуге, әрі тойына құтты болсын айтуға Кенекеннің ауылына келдік.

Алдын ала хабарлап қойғанбыз. Ақын атамыз күтіп отыр екен. Есіктен кіре Әбекенді құшақтап, ақын інісіне арнап өлеңмен біраз жылы сөздер айтты. Көне домбырасын киіз үйдің іргесіне сүйеп қойып:

– Алматыда шақыртпай баратын үш үйім бар: бірі – Сәбиттің үйі, бірі – Ерзаковичтің үйі, бірі – осы Әбділда інімнің үйі. Қат-қабат жұмысың бола тұрса да уақыт тауып, көңіл бөліп келгеніңе ризамын, – деп қарт ақын інісін тағы да ыстық құшағына алған еді.

Кәрілігі, әлдебір өткен сүренсіз өмірі есіне түсті ме, Кенекен көз жасын сүртіп, әлгінде ғана біздер ала келген кітабын парақтап біраз үнсіз қалған еді.

– Кенеке, денсаулығыңыз, хал-күйіңіз қалай? Тойға дайын отырсыз ба? – деген Әбекеннің сұрағына:

– Шырақтарым, тойханаға менің жаңа кітабымды алып келгендеріңе алғыс айтамын. Кәрілік келіп, қарға адым жер жүру мұң болып отырысым мынау. Өзімнен қайрат жоқ. Халықтың, елдің арқасында тойдың дайындығы ойдағыдай тәрізді. Жұрттың айтуына қарағанда, той басына 250 үй тігіліп, ұлан-байтақ елімнен небір зиялы азаматтар, ардагерлер келеді білем. Қазақта небір айтулы ас берілген ғой. Бірақ мұндай той әлі қазақта болған жоқ. Осының бәрі халықтың арқасы, азаматтардың арқасы. Халқыма мың алғыс айтып, шүкіршілік қылып отырмын, – деп толқыды.

Айтса айтқандай, бұрын-соңды болмаған той өткізілді. Кенекене біз саулық, әлі де ұзақ өмір тілеп, Алматыға аттандық. Екі жылдан кейін Кенекен дүние салды. Бұл жолы да ақын ағасының басында Әбділда Тәжібаев тебірене сөз сөйледі.

Өзінің оқушысын тапқан жазушы – бақытты жазушы.

Әбділда Тәжібаев – абыз ақын, халық құрметіне бөленген үлкен ғалым, белгілі қоғам қайраткері. Аузы дуалы батагөй еді. Әбекен өле-өлгенше ақындық жорғасынан жаңылған жоқ, жаңа шығармаларын жазып жүріп көз жұмды. Әдебиетіміздің ары, тазалығы үшін күресті. Ілгерісіне үмітпен қарап, келешегіне көз тастап, шексіз қамқорлық жасады. Қаншама таланттар мен тарландардың бағын ашып, тұсауын кескенін жақсы білеміз. Мұқағали Мақатаев, Тұманбай Молдағалиев, Қадыр Мырза-Әлі, Мұхтар Шаханов, Фариза Оңғарсынова, Күләш Ахметова туралы жазғандары өз алдына үлкен әңгіме.

Мұршамның келгенінше Әбекенмен жиі кездесуді аңсап тұратын, жақсы көретін інісінің бірі едім. Жазысқан хаттарымыз да аз емес.

1977 жылы жазда Әбекенді, Мұхаметжан Қаратаев ағамыз бен жеңгеміз Мархуманы, Әзілхан Нұршайықовты Талдықорғанға қонаққа шақырдым. Ол кезде Илияс Жансүгіров атындағы педагогика институтының ректорымын. Жағдайымыз бар, шүкіршілік, ел ішінде сыйсыз емеспіз. Ол кісілерді ел көрсін, жер көрсін дедім.

Арқалы ақын Әбділда, сыншы Мұхаметжан, жазушы Әзілхан ағаларымыз – жеңгелерімізді ілестіре келіп, бір аптадай Жетісуды еркін аралады. Халықпен қауышып, жастармен кездескен соң, жер жәннатының сұлу табиғаты, көпшіліктің қошеметі әсер етті ме – Әбекең аз күнде ғажайып жырлар жазып тастады.

Сол жолғы Мархума жеңгеміздің Мұхаметжан ағамыздың қалай итжеккенге айдалғанын, балаларын елге қалдырып жас келіншектің қиындыққа төзіп, ата-бабасы көрмеген ит айдаған алысқа жұбайын іздеп барғанын, бастан кешкен хикметін ертегідей ғып баяндағаны әлі есімде. Жеңгеміздің көзінен жасы ағып отырды, біз тырп етпей отырып тыңдадық. Жасымызды ішімізге жұтамыз. Қазақтың басына түскен зобалаңы көп. Қайбір қызық әңгіме дейсіз. Әйтеуір жеңгеміз жырдай қылып жеткізді. Ағаларымыздың осы әңгімені неше рет естіп отырғанын кім білсін. Біз Мәрия екеуміз бірінші рет ұйып тыңдадық. Осыншама әңгімешіл әйел затын бірінші рет кездестірген едім. Ол кісі әңгіме айтқанда – ел басына түскен нәубет, ер басына келген азап, мехнат, жала, қаталдық, аяусыздық, қазақ әйелдерінің жарға адал, қайсар мінезі көз алдымнан экрандағыдай тізбектеліп өтіп жатты. Тұла бойымыз түршікті.

Бәріміз де біраз уақыт үн-түнсіз ошарылып отырып қалдық.

Сол кезде Әбекеңнің:

– Менің жырлап жүрген Мархумам осы, – деген сөзі бәрімізді ұйқыдан оятып, есімізді жидырғандай болып еді.

1987 жылдың күзінде мен Оқу министрі болып Алматыға қызметке ауыстым.

Көп кешікпей Әбекеңнен хат алдым.

«Мырзатай, сен «Асыл арналар» дейтін ғажап кітап жазған екенсің. Мен оны біреуден алып оқыдым. Тамаша. Бұл еңбегің туралы мақала жазбақ ойдамын» – деп жазыпты.

Апырмай, бір қалада тұрып хат жазғаны несі, телефон соға салса не қылады деп таңқалдым.

Кейіннен білдім, Алматы кеңселерінде басшылардың хатшылары, көмекшілері: «анда кетті, мұнда кетті, анда мәжіліс, мұнда мәжіліс» деп телефонды қоспайды екен ғой. Хатты телефонмен тілдесе алмаған соң жазған екен. Хатында «Асыл арналар» кітабым жайлы әлгіндей ыстық ықыласын білдіріпті.

Көп кешікпей Әбділда аға менің «Асыл арналар» деген кітабым туралы «Қазақ әдебиеті» газетіне көлемді мақала жазды. Асқар Алатаудай басымен менің кітабыма соншама жоғары баға бергеніне іштей риза болдым. Көп ұзамай үйіне барып, алғысымды ауызба-ауыз жеткіздім.

Сонда Әбекең:

– Мырзатай, әкімдігіңді қайдам, сен әдебиетке керек адамсың. Қызмет – қолдың кірі, бүгін бар, ертең жоқ. Оның үстіне сен жаза алатын кісісің, жазғанда қандай, кеулеп, тереңдеп, опырып жазады екенсің. Күніне бір парақтан жазып отырсаң-дағы бір жылда докторлық диссертациянды аяқтайсың, – деген еді.

Уәдені беруін бергенмен, пенде емеспіз бе, сол диссертацияны тоқсан үштің наурызында ғана қорғадым.

Шет елде елші болып жүргенде, жиі-жиі хабарласа берудің реті келмейді. Үнемі қолың тие бере ме, қолың тисе де – реті келе бермейді, араға біраз уақыт салып, Әбекеңмен тоқсан алтының жазында кездестім.

– Сенің сөзің де әдемі, өзің де әдемісің, сағындым, – деп көзіне жас алды. Кезінде бурадай шайнап, аршындап, асқақтап сөйлейтін асыл ағамның иненің жасуындай көзінің тесіліп отырғанын көріп отырып, қайран, өмір-ай деп мен де жыладым.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары. Қиын кезең. Қиын заманда жастар жағаласып жүріп күнін көрер-ау, елге еңбегі сіңген ардагер, зиялы ағалардың, абыздардың ахуалы – сол кезде қабырғама қатты батты. Қалай болар екен деп қатты алаңдадым.

Кезінде Жамбылды, Кененді қолтықтап өскен інісі еді. Қайран Әбекеме солардың жасын берсін, тоқсанға жетіп, дүрілдете той жасайық деп іштей тіледім. Асыл аға тоқсанға жақындап дүниеден өтті. Өзімен бірге бір ғасырды, ғасырды емес-ау, тұтас бір дәуірді алып кеткендей болды.

Сағы сынбаған сын сардары

Мұхаметжан Қаратаев бізге «Әдебиет сынынан» дәріс оқыды. Көп білетін, өмірден тоқығаны мол ағамыз көбіне кафедра мәжілісінде тұжырымдап сөйлейтін, дәлелмен, дәйекпен, сақаға қорғасын құйғандай ғып, алақанға салғандай ғып айтатын. Бұлтартқызбайтын.

Біле бермейді екенбіз.

Жақында «Түркістан» газетінде қазақ әдебиетінің іргетасын қалаушылардың бірі, көрнекті әдебиет сыншысы Мұхаметжан Қаратаевтың бұрын еш жерде жарияланбаған, өмірінің соңында кейінгі ұрпаққа аманат қып жазған естелігі жарық көрді. Бұл естелікті сыншының отбасылық мұрағат қорынан қаламгердің келіні Жәмила Қаратаева тауып жариялапты. *«Атам өзінің ата-анасы, туған жері, қыс қыстауы, жаз жайлаудан тұратын көшпелі ауылы, балалық шағы, алтын ұя мектебі, арман-мақсаты, зиялы ортасы туралы «Көргенім мен көңілдегім» деген еңбегінде және басқа да еңбектерінде жазғаны көпшілікке белгілі.*

Ата-енемнің өнегелі өмірінен Әбділда Тәжібаев атаның «Мархума» поэмасы мен «Сөздер» циклынан «Мұхаметжан Қаратаев» атты атақты өлеңі, Шериаздан Елеукенов ағаның «Мұхаметжан-Мархума хикаясы», Бейсенова Шәрбанудың «Бір махаббат баяны» хикаяттары, Мәзен әжеміз бен енемнің деректеуімен дүниеге келген естеліктерді атай кеткім келеді.

Атамыз сөзге сараң, ойлы кісі еді. Естелікке арқау болып отырған кезеңдегі өткен өмірі туралы сөз болған жағдайда – көп созбай, қысқа ғана «үзіліс болды зой» дей салатын. Айтуға оңай 17 жылдық үзілістің қиямет-қайымын атам 12 параққа сыйғызып, аманат қалдырғанына бүгінгі күні куәгер болып отырмыз», – депті келіні Жәмила. Сол естеліктен шағын үзінді оқиық.

« ...1937 жылдың жазында Қазақстан компартиясы пленумынан кейін, жаз ортасында Ілияс Жансүгіров пен Ғаббас Тоғжанов ұсталыпты. Ол кезде бұлардың не кінәсі бар екенін ешкім білмейді, ұсталса болғаны – «жау» атанады. Солай атанып жатты.

Қазақстан компартиясының маусым айында өткен съезі жұртты халық жауларымен күреске шақырып, соның ішінде жазушылар ортасын жаулармен күрес жоқ деген желеумен зәбір сынға алды. Қазақстан Жазушылар одағының партия ұйымы бәрімізді жиылыста қырағылыққа шақырып, жаулармен күресуде белсенділік жасауға міндеттеп, тапсырма берді. Сол тапсырма бойынша мен Жазушылар одағының жауапты хатшысы ретінде «Социалистік Қазақстан» газетінің 1937 жылғы 29/8 нөміріне мақала жазуға мәжбүр болдым. Мақаланың аты: «Қазақ әдебиетінің авербахшылдық қалдығын толық жою керек».

Авербах деген сөздің қазақ жағдайына қатысы жоқ. Ол – Мәскеуде қатты сынға ұшыраған РАПП ұйымының жау саналған басшысы. Өзімше ол кезде партияға үн қостым деп білген бұл мақала, шындық тұрғысынан жалпы қарағанда, шіп-шикі қате екен. Бірақ оның сол кезде сорақы қате екенін кім білген?! Кім білген кеше ғана пір тұтып, сиынып жүрген жанашыр Ілияс аға Жансүгіров пен сыншы Тоғжановтың енді аяқ астынан жау атанатынын?! 1956 жылғы КПСС XX съезінен кейін ғана білдік қой олардың мүлтіксіз ақ, адал екенін, ашық та батыл айта алатынымызды.

(Жалғасы бар)